

## 1992 жылы туылған азаматтарды Шалқар аудандық қорғаныс істер бөлімінің шақыру участкесіне тіркеуді жүргізу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 10 шешімі. Ақтөбе облысының Шалқар аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 23 қаңтарда N 3-13-92 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 3 маусымдағы № 3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әкімдігінің 2009.06.03 № 3 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы қаулысын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33 бабы 1 тармағының 13 тармақшасы және 37 бабының негізінде аудан әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылдың 10 қаңтары мен 31 наурызы аралығында Шалқар ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің шақыру участкесіне тіркелу жасы 17-ге толатын 1992 жылы туылған азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген, тұрақты немесе уақытша Шалқар аумағында тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеу жүргізілсін.

Шараларды орындауға қатысты шығындар жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

2. Аудандық орталық емханасының бас дәрігері (Ж. Көптілеуов келісім бойынша) аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің сұранысына сәйкес мыналарды бөлсін:

1) бекітілген құрамға сәйкес тіркелетіндерге медициналық куәлік беруді жүргізу үшін дәрігер мамандарды;

2) тіркелетіндерді медициналық құжаттармен сапалы және толық қамтамасыз ету үшін жеткіншектер кабинеттерінің дәрігерлерін;

3) медициналық комиссия жұмысы үшін қажетті медициналық мүліктерді, құралдарды және дәрі-дәрмектерді.

3 Меншік түріне қарамастан кәсіпорын, мекеме, ұйым және оқу орындарының басшылары:

1) тіркеуге жататын азаматтарға хабар берсін, оларды аудандық шақыру пунктіне шақырсын және олардың бұл шақыру бойынша дер кезінде келуін қамтамасыз етсін;

2) шақыруға дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттілерді орындауға қажетті уақытқа оларды жұмыстан (оқудан) босатсын.

4. Аудандық білім бөлімі (Табаналы Қ.) аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы (Қоңыратбаев А.) бірлесе отырып, қала, селолық округтер мектептерінде оқитын барлық 1992 жылы туылған жасөспірімдерді толық тіркеуге алуды бақылауды жүзеге асырсын. Тіркелу кезінде анықталған барлық орта білімі жоқ жасөспірімдерді кейіннен күндізгі және сырттай жалпы білім беру мектептерінде оқытатындай етіп, есепке алсын.

5. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы (Ғ.Төлеген) азаматтарды әскер қатарына шақыруға дайындау және тіркеу кезінде мәдениет үйінің кіші залын қорғаныс істер бөлімінің шақыру пункті ретінде пайдалануға беретін болсын.

6. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы (И.Ерیشов) аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне ақылы қоғамдық жұмысқа, жұмысшылар бөлсін.

7. Аудандық ішкі істер бөліміне (Қ.Ақшолақ) тіркеуді жүргізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін полиция нарядын бөлсін.

8. Селолық округтер әкімдері аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің талабы бойынша әскерге шақырылатын жасқа дейінгілер мен әскерге шақырылушыларды шақырту пунктіне шақырылғанын хабарласын және уақытында келуін қамтамасыз етсін.

9. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы А. Қоңыратбаевқа азаматтардың әскерге шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету шараларын алсын. Тіркеу қорытындысы туралы 2009 жылдың 4 сәуірінде аудан әкіміне хабарласын.

10. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының жетекшісі Ж.Жанұзақов және аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Ж.Қоңыратбаевқа жүктелсін.

11. Осы шешім Шалқар аудандық әділет басқармасында тіркеліп алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі:*

*Р. Сыдықов.*